

ҰЛТТЫҚ САНА ТҮСІНІГІ**Рысбаева Сымбат**

symbatsymbat169@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Жаратылыстану ғылымдары факультеті (ЖҒФ),
Биотехнологиялогия мамандығы, БТ-19/3 тобының студенті, Нұр- Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – т.ғ.к. доцент Ж.К.Есимова

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру » атты халыққа жолдаған мақаласында ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне ұлттық салт дәстүр мен тілімізді мәдениетімізді сақтауға бағалауға бағытталған және жаңа заманға қарай жаңғырта дамытуға үндейтін мақаласында нақтылап көрсетілген.Бұл адамзат баласын өзінің рухани жағынан сананың дамуына өзінің ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрлерін құрметтеуге қастерлеуге арналған,және сонымен бірге әлем елдеріне Қазақ халқының ғасырлар бойы жетілген дамыған ұмыт болып қала жаздаған ұлттық болмысын жаңғырту әлем елдеріне таныту болып табылады.

XX ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі бүгінгі Егемен Қазақ еліне үлгі бола алмайды дейді Елбасы,өйткені «Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты-сол ұлттық кодының сақтала білуінде» [1].

Расындада, сан ғасырдан бері Ресейдің отарындағы ел болғанда Қазақ халқы өзінің бар болмысынан айырылып қала жаздады.Яғни,ұлттық кодымыз ұмыт болып қала жаздады.Ол біздің тек тілімізге ғана әсер ете қойған жоқ,біздің дінімізге мәдениетімізге,салт-дәстүрімізге қорыта айтқанда ұлттық кодымызға прогресивті бағытта үлкен әсер етті.

Жалпы Ұлттық кодқа-әр халық,ұлт,немесе мемлекетке ғана тән ұлттық салт-дәстүрлері, ұлттық болмысы,тілі мәдениеті,тарихы сияқты рухани дүниелер жататын ұлттық мәдениет.

Ұлттық сана –ұлт руханилығының негізі,өйткені тарихта Қазақ халқын ұлт ретінде сақтап қалған ең асыл дүниесі-ол ұлттық сана,ұлттық сананың рухы болып табылады.Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып,ұрпаққа рухани дүниелер арқылы беріліп отырғандығының арқасында тарихтың қиын кезеңдерің басынан өткерген.

Қазақ ұлтының рухани дүниелерінің өзі көрсетіп отырғандай, тарихты білген ұлттың тәрбиесі болмысы мықты болады.Тарихын білген қоғамда,ел тарихының шындығы негізделген тұжырымдар бұрмалана бермейді,себебі тарихты білетін өскелең ұрпақ өз қоғамының дұрыс сыншысы бола алады.

Тарихтың шындығын біріктіретін тұжырымдар тарих өрісіндегі оқиғалардың ақиқатын танудан туындайды. Тарихи оқиғалардың ақиқатын бірінші кезекте ұрпаққа жеткізетін халықтың өзі болуы тиіс. Өйткені, ұлттық сананың рухы тарихи оқиғаның ақиқатымен күш алып, оны ұлт руханиятының бойында сақтап отыруында. Сондықтанда, қазақ тұлғалары айтып кеткендей, бірінші кезекте ұлт тарихының қабырғасын қалаған материалдарды алдыменен ұлт руханиятының бойынан іздеп, сонымен ғана салыстырып оқыған жөн. Қай заманда болмасын мемлекеттің тұтастығын, ұлттың рухын әлсіретуді көздеген сырттан келетін саясат алдыменен елдің рухани дүниелерін, оған қызмет ететін адамның санасын өзгерту, өздеріне тарту арқылы тарихи тұжырымдарды бұрмалауға тырысып бағатындығы даусыз. Осы себептен де, ұлттың тарихы не үшін қажет? - деген сұраққа алаш зиялылары былай деп жауап берген: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс» [2].

Ұлттың тарихы ұлт пен оның тәрбиелеп шығарған тұлғаларының интеллектуалдық болмысының өрісінен шығады. Рухани болмыстың негізі ұлттық сана. Тарихты сақтау ұлттық сананы құрметтеу, тарихты білу ұлттық сананы иеленіп отырумен тең. Әрбір тарихи уақыт өрісіндегі жекелеген адамдардың интеллектуалдық қызметі оның бойындағы ұлттық санасымен көрініп отырады. Халыққа ортақ қасиеттер мен тәжірибелерге тұнып тұрған ұлттық сана тарих даналығымен ортақ құндылыққа айналады.

Жеке адамның өзіндік санасының интеллектуалдық қызметі, болмысы арқылы ұлттық сана деңгейіне өтуінің негізінде адам бойындағы рухани қасиеттердің қызметі мен күші жатыр. Мәселен, халыққа түрлі сала бойынша еңбегі сіңген қазақ тұлғалары халық тарапынан хан, батыр, би, шешен, ұлт ақыны деген атауға ие болған. Зиялыларды елдік, мемлекеттілік идеясына біріктіретін ұлттық сана. Сондықтанда, алаш зиялылары айтқандай елдің ел болуын, ұрпақтың ер болып өмір сүруін көздейтін мемлекеттер тарихты иманы дәрежесіне көтереді [3].

Мемлекеттің ең басты құндылығы тарих. Себебі, ұлттық идея, ұлттық идеология да тарих арқылы жасалады. Тарихсыз дінді де, ділге қажет құндылықтарды да жүйелі түрде игеру мүмкін емес. Қай ғасыр болмасын қоғамның рухани тереңдігін сақтау әрі нығайту үшін жүргізілетін идеологиялық жұмыстардың салмағы тарихтың тәжірибесімен таразыланып отыруы тиіс. Тарихты білу, жүйелі түрде оқытып, үйрету арқылы ғана халықтың жан дүниесіне жақын, ұрпақтың танымы тілейтін құндылықтарды қоғамдық ортада насихаттау жүзеге асады. Тарихты иманы дәрежесінде түсінген қазақтың тағылымында әрбір ата-ана, отбасы мемлекетке қызмет ететін жасты тәрбиелеп шығаруды парыз санаған. Ұрпақ тәрбиелеудегі ең басты қару тарих тағылымын үйрету болған-ды. Қан мен ар тазалығын сақтап әрі рухын қорғап өмір сүру қазақ баласының ұлттық санасына айналған ұғым.

Халқымыздың тәрбиесін өскелең ұрпақтың бойына терең сіңіріп, дін мен дәстүрдің мәнін әріден ұғындырғанда мемлекетшіл санамен қаруланған жастар көптеп қалыптаспақшы. Тарих, дәстүр, дін, мәдениет, өнер қоғамдық ортада адам болмысының мемлекеттің мүддесіне сай қалыптасуына қызмет етеді. Ұлттық мүдде талабына сай өмір сүруге дайын адамның өз болашағы, қоғам, жаңа уақыт алдындағы міндеті қоғамына қажетті, оның игілігіне айналатын білім түрлерін иеленіп, құндылықтарды қалыптастыра білу. Бұл қазақ жырауларының да, ойшыл ғалымдарының да негізгі ұстанымы болды [4].

Тарихтың атын жамылып, жалған мінезге салынып, ұлттың идеясын бұрмалап елге жанашыр болып көріну дұрыс әдет емес. Қолда бар нәрсені қадірлеп, барды сақтап, жоқты біліміңмен, өнеріңмен түгендеу, елдің қай жағынан болмасын ілгерілеп дамуына пайдаңды тигізу алаш зиялыларының айтып кеткен өсиеті болатын. Алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытов жазып кеткендей, «Қазақ күнелту жағының мәдениетінен мешеу қалса да, ақыл, қиял, сезім жағына, білім тілімен айтқанда рух мәдениетіне кенде емес...Қазақтың жерінің астында асыл қазына, кен байлығы мол деп аңыз қылысады. Сондай мол қазына қазақ елінің ішінде де жатыр. Ол не десеңіз әдебиет, ән-күй.

Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек». Елдің басын біріктіретін ұлттың төл мәдениеті, құндылықтары. Мемлекеттің басты байлығы ұрпақ, халық болса, халықтың байлығы руханият. Мыңдаған жылдар бойы халықтың рухани қасиеттерінің, қызметінің негізінде қалыптасқан дүниелері. Өзінде бар дүниені игеріп, заман талабына сай іздене білу қоғамыңды өркениетке жеткізеді. 1918 жылы Мұхтар Әуезов «Абай» журналында жарық көрген «Қазіргі қазақ күйі» атты мақаласында: «Қазақтың ішінде арқалы жуан бар, әлсіз нашар бар. Зорлықшыл, жылатып жүрген қиянат, тізе жуанды көріп жылап жүрген бар. Осы күйлердің бәрін басшы жаттап алып, әр қашан естен шығармауына керек. Қиянатшыл, көптігін, жуандығын құрал қылатындарға оқыған басшының еш рахымы болмауы керек. Шын ел болатын көпті бауырға тарту, есеге жеткізу керек. Қашан болсын, жұрттың жұрттыққа шығуына әуелі сол жұрттың өз ішіне тәртіп кіріп, бұрынғы жаманы

жойылып, орнына жақсы жаңалықтар кіруіне керек»,- деп жазған еді. Ұлттық сана ұрпақтан ауызбіршілікті, еңбекқорлықты, адамгершілікті, терең білімді, адалдықты талап етеді. Ұлттық сана ұрпақтың мәдениеті мен тарихи дүниелеріне, діліне ие болып әрі заман талабына сай икемделіп (ғылымды меңгеруді) өмір сүруін қалайды. Тарихтағы қазақ тұлғаларының тағылымы ұлттық санасы жоғары, рухы биік адамның елдің абыройын ойлағандығын дәлелдейді. Барға қанағат етіп, арға ұмтылу, өмірдің мәні адамгершілікте, еңбекте, білімді болуда деп түсіну зиялыларымыздың ізгі қасиеттерінің бірі. Осы бір келелі мәселені тереңнен ұғыну бүгінгі ұрпақ алдында тұрған міндет. Жүсіпбек Аймауытов жазып кеткендей: «қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды». Алаш зиялыларының мұраларынан түйеріміз, жаңашылдыққа ел болып жұмылған дұрыс [5].

Бірақ, елді жаңашылдыққа жетелейтін, қоғамда ғылымның дұрыс дамуына, жастардың ғылым жолына түсуіне ықпал ететін зиялы ғалымдардың ел ішінен тәрбиеленіп шығатындығын ескерген жөн. Ұлттық санасы биік, терең білімді адамғана ел игілігіне қызмет етеді. Ұлттық сананы биіктететін тарих даналығы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
2. «Түркілік тәрбие» антологиясы. – Алматы: Интеллсервис, 2013. – 1004 –бет.
3. Аймауытов Ж. Ұлтты сүю // Ақиқат. – 2013. - №6. 4-5 бб.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-ші том. Алматы: Ғылым, 1999 ж.
5. Әуезов М. Қазіргі қазақ күйі // Ақиқат. – 2013. - №7. 3-4 бб.